

Тақырыбы: Қожа Ахмет Ясауи.



Қожа Ахмет Ясауи-
түркі халықтарының,
соның ішінде қазақ
халқының, байырғы
мәдениетінің
тарихында айрықша
орыны бар ұлы ақын,
пәлсапашы.



Өмірбаяны

Қожа Ахмет Ясауи—1093жылы тулыған түркістандық ғұлама, әулие. Қожа Ахмет Ясауидің арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Мұса шейх те Исфиджабта әулиелігімен танылған. Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидың Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Ясауидың ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды. 9 ғасырда Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Ясы, Сауран, Сығанақ Шаш, Сүткент, Жент, Кудур, Отлук, Өзкент, тағыда басқа Мауераннахр қалаларында ислам діні уағызшыларының белсенді әрекеттері саяси сипат алған болса, 10 ғасырдан бастап ислам ілімі жолындағы тәлім-тәрбиелік ордалар – медресе-теккелер түбегейлі орнығып, исламдық-руханияттық ахлақи (моральдық) ұстанымдар қалыптаса бастады. Қожа Ахмет Ясауи дүниеге келмей тұрып, Исфиджабта исламдық фикһ (құқық) мектебі ханафи мазһабының ондаған өкілдері өмір сүрді. Ясауи ілімі осы саяси-әлеуметтік, тарихи шарттарға байланысты қалыптасты. Қожа Ахмет Ясауи ұстаздарының көшбасшысы – Арыстан баб. Кашифи “Рашахат-ул айн-ил хайат” атты еңбегінде Қожа Ахметтің Арыстан бабтың шәкірті болғандығы, одан заһир және батин ілімдерінің сыры мен мәнін үйренгендігі, оған 16 жылы қызмет еткендігі туралы мәлімет береді.

Ұлы бабамыз Ахмет Ясауидің атын асқақтатып, күллі дүниеге мәшһүр еткен аса баға жетпес асыл еңбегі «Диуани хикмет»-«Ақыл кітабы». Осы атақты еңбек Қазан төңкерісіне дейін әлденеше рет басылып, жұртшылық игілігіне айналған. Атап айтқанда 1887,1901жж. Қазан қаласында, ал 1897және 1901жж. Стамбулда өз алдына жеке-жеке кітап болып жарық көрді.



Диуани хикмет «Ақыл кітабы» – Қожа Ахмет Ясауидің сопылық идеясын жыр еткен, этикалық-дидактикалық мазмұндағы әдеби шығармасы.

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады.

Біріншісі – шариғат. «Шариғат» – ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі құдайға құлшылық жасауды талап етеді.

Екіншісі, «тариқат» – дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту, Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады. Бұл басқыш сопылықтың негізгі идеясын, мұрат-мақсатын аңғартып тұр.

Үшіншісі, «мағрифат» негізінен дін жолын танып-білу сатысы деуге болады. Бұл басқыштың негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі «бір Алла» екенін танып-білу, түсіну.

Төртіншісі, «хақиқат» («фано») – Аллаға жақындап, оны танып-білудің ең жоғары басқышы. Сопылық түсінік бойынша, «шариғатсыз» «тариқат», «тариқатсыз» «мағрифат», «мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес.


Бұлардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш болып табылады

«Диуани хикмет» әрбір адамды имандылыққа, ізгілікке, жоғары адамгершілік қасиеттерге жетелейтін құдіретті күш, айқын бағдарлама деуге болады. Қожа Ахмет Ясауи әрбір адамның қадір-қасиетін, өмірде алатын орнын оның ішкі жан дүниесінің тазалығымен өлшейді. Адамның өз бойындағы ізгі адамгершілік қасиеттерді ұдайы жетілдіріп отыруы немесе бүкіл адамгершілік қасиетінен жұрдай болуы сол кісінің имандылығына байланысты деген түйін жасайды. Ал имандылық дегеніміздің өзі Алланың құлына ғана тән, адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеп, оны құдай жолына салып отыратын киелі күш деп түсіндіреді. Ақынның айтуы бойынша, имандылықтың ең басты көрінісі – мейірімді, кешірімді, өзгелерге жанашырлықпен қарау болып табылады. «Диуани хикметте» әрбір адамға қажетті қанағат-ынсап сезіміне ерекше мән беріліп, нәпсіні тыя білу мұсылмандықтың басты шарттарының бірі екенін ақын оқырманға қайта-қайта ескертіп отырады. «Ақыл кітабы» адамның ішкі жан-дүниесінің түрлі теріс ой-пиғылдардан, жаман ниеттерден таза болуын талдап, Алла алдында пәк, кіршіксіз болуға шақырады.



Қожа Ахмет Ясауи сағанасы

Түркістан қаласында жерленген Қожа Ахмет Ясауи «әзіреті сұлтан» аталып, басына 14 ғ. аяғында атақты Ақсақ Темір күмбезді сағана орнаттырады. Жалпы дәстүрлі түркілік сопылық рух пен Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы, оның ілімінің мәні мен маңызы “Диуани Хикмет”, “Мират-ул Қулуб”, “Пақырнама” сияқты мұраларынан көрінеді.



Қожа Ахмет бабамыз «... пенденің ешқайсысы да дүниенің түбіне жеткен емес, сол себепті бір жаратушыдан жалбарынып кешірім өтіңсін» дей келіп,

Сенен бұрын жарандарың қайда кетті
Бұл дүниеге көңіл бөлмей жылап өтті,
Ғұмырлық тәмәм болды, нәубет саған жетті,
Күнәң үшін тәубә қылғыл, Ей, батшағар!

«Диуани хикметтің» қай бетін ашсақ та, оның әрбір сөзінің астарынан ұлылық, парасаттылық, даналықтың ішкі иірімдері, ел жұртын адалдыққа бастаған меруерттей мөлдір сезімдер байқалып тұрады.

**Қожа Ахмет Ясауидің
Сүлеймен Бақырғани,
Мұхаммед Данышманд Зарнұқи,
Ғашық Жүсіп,
Маулана Сафи ад-дин Орұң
Қойлақы т.б.
шәкірттері болды. Осы шәкірттері
Ясауи жолы тармақтарының негізін
қалады. Қожа Ахмет Ясауидің бұл
шәкірттері аса талантты кісілер еді.**





Сүлеймен Бақырғани, Бақырған ата, Хаким ата, Сүлеймен ата (12 ғ-дың 2-жартысы) – ақын, ойшыл, ғұлама. Қожа Ахмет Ясауидің шәкірті.

Сүлеймен Бақырғани (туған жылы белгісіз —1186 ж.)
Түркістан қаласында дүниеге келіпті. Ол өзінің
"Ақырзаман" кітабында: Ысқақ Баб ұрығы, Шайқы
Ибраһим құлыны, Машайықтар ұлығы — Шайқым
Қожа Ахмет Ясауи. Шариғаты мінсіз, Тариқаты
түпсіз, Хақиқатта өрен жүйрік — Шайқым Ахмет
Ясауи, — деп жырлағандай, әйгілі Әзірет Сұлтанға
шәкірт болған. Кейін Самарқанд, Бұхара, Хорезм,
Шам қалаларында білімін толықтырды. Халық
арасында Хәкім Ата деген атпен белгілі.



Хакім ата атану себебі.

Бір күні **Қызыр ғалиас-салам** Қожа Ахмет Ясауиге қонақ болады. Ясауи шәкірттеріне тағам пісіру үшін отын әкелуге бұйырады. Ұландар ұстаз сөзін екі етпей, жазықтан отын жинайды. Сол сәтте көктен бір қара бұлт пайда болып, жаңбыр жауып кетеді. Барша ұландардың отындары су болады. Сүлеймен тонын шешіп, отынын киіміне орап, алып келеді. Басқалардың су болған отындары жанбайды. Сүлейменнің құрғақ отыны жанып, тағам пісіріледі, өзгелердің су отындары да Сүлейменнің отынының қызуымен жанады. Қызыр Ата кімнің әкелген отынының жанғанын сұрайды. Сүлеймен жөнін айтады. Қызыр Ата Сүлейменнің ақылы мен даналығына тәнті болып, оған «Хакім» деген ат береді. Қожа Ахмет Ясауи қуанып: «Атың құтты болсын»,– деп риза болады. Қызыр Ата сонан соң, Сүлейменнің аузына түкіреді, ішіне өнер нұры толып, ақындық қонып, «Қызыр Ілияс атам бар» деген арнау өлеңін айтады.

Бір күні Қожа Ахмет Ясау Хакім Атаға қарап: «Ботам, ертең таңсәриде бір үлкен ақ түйе пайда болады, сен сол ақ түйеге мініп ол барған жерге дейін барасың», - дейді! Айтқанындай келесі күні таңертеңмен пайда болған түйеге мініп, сапарға шығады. Түйе тез жүріп Хорасанның түстігіндегі бір жерге келгенде, Хакім Атаның қанша әрекетіне қарамай, табандап бақырып тұрып қалады. Осы түйе бақырып тоқтаған жер күні бүгінге дейін «Бақырған» аталып, Хакім Атаға Бақырғани атағы қосылып аталатын болған екен.

Бұл жер Қарахан мемлекетінің патшасы Бограханға қарасты екен. Кең далада табындап жатқан жылқының бақташылары бұл жағдайды көріп, бір түйенін үдесінен шыға алмай жүрген неткен жансың? - деп Сүлеймен Хакім Атаны мазақ ете бастайды. Кейбіреулері оның түйесін алмакшы да болып бейбастық жасайды. Бақырғани өзінің Қожа Ахмет Яссауидің мүридi екенін және сол кісінің әмірімен жүргенін айтып жалынады. Бұл жағдайдан хабардар болған Бограхан (Қарабура әулие) өзі келіп жағдайды сұрап біледі. Шайх-уш-шайх (Шайхтардың шайығы) Қожа Ахмет Яссауидің мүридi екенін білген соң Бограхан (Қарабура әулие) күліп: «Піріміз әдейі жіберген болса керек» - деп Хакім Атаны сарайға алып келіп оған қызы Әмбар бибіні некелеп қосады. Осы өлкенің үлкенді-кішілі адамдары Хакім Атаға мүрид болады. Осылайша Хакім атаның атағы елге кең тарап кетеді.

Атақты түрколог А.Боровтың зерттеулері бойынша, Сүлеймен Бақырғани өз жырларын кезінде бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған оғыз-қыпшақ тілінде жазған. Ол сопылық поэзия үрдісін жалғастырып, түркі тілінде діни хикметтер жазған, әулие дәрежесіне жетіп, ел-жұртын имандылыққа, адамгершілікке үндеген. Ғұлама кітаптарының түпнұсқасы сақталмаған, көшірме нұсқаларының жазылу мерзімі 15 ғасырға жатады. 17 ғасырда жазылған қолжазба Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы қорында сақтаулы. Оның көлемі 652 бет, 119-489 беттері бірыңғай Сүлеймен Бақырғанидің хикметтерінен тұрады. Ғалымның «Ақырзаман», «Бибі Мәриям» кітаптары діни мектептерде оқулық ретінде пайдаланылған. «Ақырзаман» дастанының мазмұндық желісін Тажал мен Мәдінің күресі, ақырзаман белгілері, махшар күні мен Мұхаммед пайғамбардың өз үмбеттерін тозақ отынан құтқаруы құрайды. Ал «Бибі Мәриям» дастанында ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік, Аллаға құлшылық ету, Хаққа деген шексіз сенім бейнеленіп, Мұхаммед, Иса пайғамбарлардың үмбеттерінің қамын ойлауы басты назарда ұсталған. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық кітапханасында «Хакім ата» кітабының 1878 жылы Қазан университеті баспаханасында жарық көрген нұсқасының фотокошірмесі сақталған. Бұл Сүлеймен Бақырғани жайлы тұңғыш баспа бетін көрген еңбек, Ф.Амашев деген адам бастырған, көлемі 20 беттік прозалық шығарма.

«**Бақырғани кітабы**»- түркі тілдес халықтардың 12 ғасырдан сақталған сопылық ағымдағы әдеби ескерткіштердің бірі. Бақырғанидың сопылық мазмұндағы хикмет-өлеңдері кезінде ұлан-ғайыр Қыпшақ даласы мен Орталық Азияның түркі тілдес халықтарының арасында кеңінен тарағаны тарихтан жақсы мәлім болғанымен, ақын мұрасы тек 19 ғасырда ғана толық жинақталған.

“Бақырғани кітабы” — бес бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімі — көңіл-күй жырлары;

екіншісі — сопылық идеясын насихаттауға арналған дидактикалық философиялық хикмет-өлеңдері;

үшіншісі — Алланы мадақтауға арналған жырлары (“Меғрожнаме”);


төртіншісі — “Ақыр заман көріністері” дастаны;

бесіншісі — “Бибі Мариям” толғауы.



“Бақырғани кітабының” басты идеясы — оқырманын ізгілікке, имандылыққа, рухани тазалыққа үндеу. Ақынның айтуынша, әрбір адам рухани тұрғыдан кемелденген дәрежеге жетуі үшін Алланы толық танып-білуі тиіс. Ал, бұл биік мақсатқа жетуі үшін адам алдымен төрт асудан сүрінбей өтуі керек. Олар: шариғат (ислам заңдары мен әдет-ғұрыптарының жинағы), тариқат (сопылық ағымның идеясы, мұрат-мақсаты), мағрифат (мұсылмандықтың қағида-шарттарын танып-білу) және хақиқат (Хаққа жақындау. Сондай-ақ осы төрт басқыштың әрқайсысы он мақамнан (тоқтамнан) тұрады. Аталған төрт сатының (басқыштың) қырық мақамын толық танып-біліп, жақсы игерген адам ғана Алланың (ақиқаттың) дидарын көруге мүмкіндік алады. “Бақырғани кітабы” жырларында сопылық идеяның негізгі қағида-шарттарына, сонымен бірге, адамның қоғамда атқаратын қызметіне гуманистік тұрғыдан түсінік беріледі.






Шығармасының соңында Сүлеймен Бақырғани әдемілікті **3 түрге** бөлген:

1. Абсолютті өзгермейтін Алла сұлулығы;
2. Жаратылыс сұлулығы немесе Құдай сұлулығының шағылысып түскен жердегі көрінісі;
3. Рухани сұлулық. Адам жерге Алла арқылы рухани сұлулыққа жету үшін жіберілген. Философияның түсінігінше, шынайы өмірдің негізін адамгершілік, демократия, әлеуметтік әдемілік құрайды. Міне, осы ойлардың бәрі сопылық ілімнен бастау алып жатыр. Дәлірек айтқанда, өз ұстазы Қожа Ахмет Ясауи көзқарасын ұстанып, оны ілгері дамытқаны ақиқат. Діни аңыздар желісінде жырлар жазу арқылы Сүлеймен Бақырғани түркі әдебиетінде XIII-XIV ғасырларда кең өріс алған нәзирашылдық (бұрыннан белгілі сюжеттерді жаңғыртып жазу) алғашқы бастауларына жол салған.

Хакім ата кесенесі Қарақалпақстан Республикасы Мойнақ ауданына қарасты Хаким ата АПЖ Достық ауылында орналасқан.

Қазірде Хакім ата кесенесіне Ташкент, Самарханд, Үргеніш т.б қалалардан адамдар келіп зияраттайды.

Кейбір аңыздарға қарағанда Хакім ата көзі тірі кезінде мен дүниеден өтіп жатсам түйеге мінгізіп жіберің. Сол түйе қай жерге барып шөксе мені сол жерге жерлендер деген. Түйе осы жерге келген. Содан кейін осы жерге жерленіп, ауыл Хакім ата атына аталып кеткен деседі.





Хәкім-ата кесенесі

Достық ауылы